

Кунеева Т.М.

ДАРЫНДЫ ОҚЫРМАНДЫ ТӘРБИЕЛЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ МЭТІНДІ РЕФЛЕКСИВТІ ОҚУ ЖОЛДАРЫ

ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ ТАЛАНТЛИВОГО ЧИТАТЕЛЯ, ОБЛАДАЮЩЕГО АКТИВНОЙ РЕФЛЕКСИЕЙ НА ПРОЧИТАНИЕ

УДК:371/209.25.04

В статье рассматриваются вопросы методики преподавания казахской литературы в школах с русским языком обучения. В частности, процесс формирования читательского интереса к художественным произведениям казахских авторов, воспитание талантливого читателя, обладающего активной рефлексией на прочитанное.

Ключевые слова: талантливый читатель, чтение, интерес, рефлексия, методы обучения, учащиеся старших классов, школа с русским языком обучения, казахская литература

There are problems of methodology of Kazakh literature in school with Russian language in the article and, specifically, process of shaping of reading interests to masterpieces of Kazakh authoress, training of talented readers with active reflection on what was read.

Key words: talented reader, reading, interest, reflection, study methods, school student, Russian language school, Kazakh Literature.

Зерттеуші В.В. Савельеваның айтуынша, «қазіргі әдебиет теориясында көркем мәтін, көркем туынды, әдеби туынды ұғымдары туынды әлемі, элем бейнесі, элем суреті ұғымдарымен үздіксіз байланыста болады. Мұның барлығы ғалымдардың әдебиеттану пәнін оқытудың өзіндік ерекшеліктерін теориялық жағынан нақтылау бағытындағы жұмыстарға дәлелдейді. Бұл қатардағы өзекті, негізгі ұғымдар Мәтін және Әлем болып табылады, ал әдеби туынды және көркем туынды ұғымдары аралық түсініктер болып есептеледі. Мұндайда керкем мәтін ұғымы осылардың ішіндегі анағұрлым зерттелген және анағұрлым объективті эрі таныс түсіндірілетін ұғым болып табылады. Шынында да, оқырман мәтінді оқу және түсіну арқылы автордың керкем элеміне енеді» [1, 22-6.].

Психолог М.Ш. Бабаханова [2] былай дейді: «жеке тұлғаның оқырмандық қызығушылықтары оның емірлік мүдделерімен, қажеттіліктерімен ете тығыз байланысты, солар арқылы қолдау тауып, белсенділендіріле түседі. Оқырмандық қызығушылық тәрбиелеу үдерісінің ықпалымен, керкем әдебиетті оқыту басшылығымен қалыптастырылады. Оқу пәндерінің, мектептен тыс мекеме оқытушыларының, кітапхана қызметкерлерінің, отбасы мүшелерінің және басқа да ұйымдардың ықпалы, әсері өте тиімді.

Оқырмандық қызығушылық – басқа емірлік қызығушылықтардың ықпалынан туындаған сауалдарды қанағаттандыру сұрақтарына жауаптарды белсенді түрде іздеуге байланысты белігілі бір жанрдағы немесе тақырыптағы әдеби туындыларға көңіл тоқтату немесе ұзақ оқуға бағыттаушылық. Бұл қызметтің ерекше түрі ретінде оқу үдерісі үстінде

қажеттіліктерді қанағаттандыруға ұмтылыс болып табылады.

Оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру -мұғалімнің - сейлеушінің оқуда және оқудан тыс үдерістегі бірінші дәрежелі және күрделі дидактикалық міндеті. Білім алушыға ықпал етудің соңғы қорытынды өнімі - бұл қалыптасқан дарынды оқырман.

«Қызығушылық» және «оқу» ұғымдары туралы жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, біз оқырман және керкем мәтін арасындағы маңызды байланыстырушы элемент - оқырмадық қызығушылық туралы айта аламыз.

Осылайша, «оқырмандық қызығушылық» - субъектінің оқу үдерісі кезінде уәжделген, мақсатты түрде бағытталған, ішкі қажеттіліктерден туындаған жағдайы (қатынасы). Бұл білім алушының танымдық үдерісін кеңейтуге көмектеседі және оқу үдерісі оқырманның әр түрлі эмоционалдық уайымдау көңіл-күйлерімен, эстетикалық қанағаттану сезімдерімен жалғасады.

Теориялық талдау, зерттеу жұмысы «оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру» түсінігін нақтылауға мүмкіндік берді. Бұл түсініктің астарында біз педагогтардың, кітапханашылардың, ата-аналардың, басқа оқырмандық ортаның орыс тілді мектеп оқушыларына мақсатты түрде бағытталған ықпалын және орыс тілді мектеп жағдайында қазақ әдебиеті туындыларын қазақ тілінде толғанып оқу дағдыларын дамытуға жағдай жасауды түсінеміз.

Осылайша, «оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру» түсінігінің астарында біз қазақ әдебиеті туындыларын қазақ тілінде қызығушылықпен оқуға оңтайлы жағдай туғызуға бағытталған білім беру үдерісі субъектілерінің жоспарлы, болжалды рефлексивтік ықпалын түсінеміз.

Л.С. Выготский өзінің «Өнер психологиясы» атты монографиясында мәтінді оқырмандық қабылдау мәселесімен байланысты маңызды сұрақты талқылайды: туындыны көркем ететін нәрсе не? Не нәрсе оны өнер туындысына айналдырады? Мұндайда туындының және оны оқитын адамның рөлі қандай болады? Л.С. Выготскийдің түпкі ойы, ниеті көркем туынды құрылымының ерекшеліктерін тандай отырып, ішкі қызмет реакциясының құрылымын қайта жасау болды.

Оқу кезіндегі оқырмандық қабылдау мәселесі ұзақ уақыт бойы көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Ғалымдардың жұмыстарында көркем мәтінді түсіну рефлексияға, яғни оқырманның көркем мәтінді интуитивті түрде түсіну қабілетіне байланысты екендігі айтылған. Туындының мазмұнын түсіну үшін және ондағы ойды, идеяны аңғару үшін алдымен ұғыну қажет. Авторлар мұнда рефлекс

сияның оқырманның болмысында бар тәжірибе мен меңгерілетін мәтіннің жаңа нысаны арасындағыларды байланыстырушы бөлік екенін дәлелдейді. Осындай өзара әрекет етудің нәтижесінде жаңа бейне жеке тәжірибемен боялады, ал тәжірибе оған қатысты өзгерістің арқасында жаңарады және толықтырылады.

Дегенмен қазақ әдебиетін мектепте оқыту тәжірибесінде біз мынадай құбылыстарға көп кездесеміз: оқылған мәтін оқушыға түсінікті сияқты көрінеді, сонымен қатар мәтінді қабылдаудың бейрефлективті (яғни автоматтандырылған) түрімен жұмыс істейміз. Оқырманның жеке бас рефлексиясы кезінде ғана мәтінді терең түсінуге қол жеткізуге болады. Мұғалімнің түсіндірмесі негізінде қайта өңделетін және оқушының көркем туындының йағынасы мен мазмұнын *өзіне* меңгеруге кедергі келтіретін «дайын түсінікке» оқыту. Осыған байланысты білім берудің барлық сатыларында, әсіресе орта мектепте рефлексияға оқыту, рефлексивтік әрекеттердің *оңтайлы* және саналы тәсілдерін оқыту, *соның ішінде мәтінді зерделеуге үйрету (себебі бұл жағдайда зерделеу жеке айтылған рефлексия сипатына ие болады) қоғамдық-педагогикалық құндылыққа ие болады.* Біздің ойымызша, көркем мәтінді зерделеу, бәрінен бұрын, оқырманның мәтінді түсінуі және оны талқылау қабілетінің болуы, осыған қатысты жұмыстарды жүзеге асыра білуі болып табылады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында ойланып оқуды дамытатын көркем мәтінді әр түрлі формада талдауға мүмкіндік бар. 10-сыныпта Абайдың «Жазғытұры» атты шығармасын оқыту кезінде, біз «көркемдік кеңістік», «көркемдік шақ» модельдерін құру алгоритмдерін пайдаландық. Көркем мәтінді талдаудың бұл формасы туралы мәселені біз диссертацияның екінші бөлімінде кеңірек қарастырамыз. Бұл білім алушыларға туындының әр сөзі бойынша ойланып жұмыс істеуге мүмкіндік берді; олар табиғаттың жаңаруының жарқын қуанышының суретін ғана көрген жоқ, сонымен қатар жапырақтардың сылдырын, бұлақтағы судың шылпылын, жоғарғы және төменгі вертикал кеңістіктер арасындағы өмірдің пайда болғанын естіді, ерекше жеңілдікті, еркіндікті сезінді, жаңалыққа таң қалды: адам табиғатпен үйлесімде бақытты бола алады екен деген ойға келді; оқылған туындыдан эстетикалық қанағат алды, өздеріне жаңа Абайды ашты...

Білім алушылар идеялық мазмұнды ашуда мәтінді лексикалық тұрғыдан талдады, байқады, салыстырды, ең бастыларын ерекшеледі, жалпылады, ауызша сөзбен сурет салды, Абайдың көркем элементінің моделін сызды және суретін салды, ақын элементінің ерекшеліктері туралы қорытындылар жасады. Олар автордың ұстанымын салыстырмалы түрде дұрыс анықтай алды, оқылған мәтінге қатысты өздерінің жеке көзқарастарын білдірді. Ең бастысы, әр білім алушы өз ойындағысын айтты, өз ұстанымын қорғап шықты, сонымен қатар сыныптасының ерекше көқарасы мен ұстанымына қызықты әрі таң қалды.

Біздің ойымызша, дарынды оқырманның ерекшеліктері мыналар: жүйелілік, өз бетінше жұмыс жасау, оқу үшін кітап іздеу жолында мақсатқа тырысушылық. Онда оқуға деген қажеттілік, өз бетінше білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу көзі ретінде оқуға сауатты және саналы түрде жүгіну дағдылары дамыған. Ол әр түрлі туындылармен жұмыс істеу әдістерін жақсы меңгерген: конспектілеу, дәйексөз келтіру, сөздіктерді қолдану, анықтамалықтарды пайдалану. Онда оқылғанды тоқу, соған қатысты өзінің қатынасын ауызша немесе жазбаша түрде қалыптастыру дағдысы әдетке және іскерлікке айналған. Ол оқылған туындыны әр түрлі формада қағазға түсіре біледі: күнделікке жазу, пікір жазу, қабырға газетіне белгілеу, оқылған туындыны достармен хат алмасу арқылы талқылау, шығарма жазу және т.б.

Ғалымдар бір адамның, оқырмандар-тобының, мүдделі адамдардың, қызметтің белгілі бір түріне бейімділігі бойынша адамдардың оқу жүйесін бөліп көрсетеді. Пән үйірмелеріне қатысатын оқушылардың оқу жүйесінің өз аспектілері бар. Бірақ «оқу жүйесі» термині анағұрлым маңызды және жаһандық мағынада қолданылады: орыс тілді мектептердің жоғары сынып оқушыларының қазақ әдебиетінің көркем туындыларын қазақ тілінде оқу жүйесі.

Осыған байланысты педагогтар алдында тұрған міндет - әдебиеттің элеуетті тәрбие берушілік мүмкіндіктерін жүзеге асырудың жолдарын табу. Бұл - әрбір балаға шығармашылықпен, ықыласпен оқуға үйрету деген сөз. Түсініп оқу - бұл пайдалы оқу, ол - өте ауыр, жанның күрделі еңбегі, қажетті еңбек. Онсыз адам болу мүмкін емес. «Кітаптан мәлімет жинаймын, не іздеп отырғанымды өзім де білмеймін. «Шынында да, кітап - бұл алтын, оны тауып, түсініп, дұрыс қабылдап, тиімді қолдану керек» (11-сынып оқушысы Д. Данияның шығармасынан). Шығармашылық рухани қызмет ретінде оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі балалар мен жасөспірімдердің өнердің басқа түрлеріне де, мысалы, театрға, кико өнеріне, музыкалық шығармашылыққа, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтың төмендеуіне немесе жойылуына әкеледі.

Педагогикалық практикадағы онімді жолдардың бірі оқылған туындыны сауатты қабылдау, талдау және бағалау, әдебиет туындылары арқылы меңгерілген элеуметтік, адамдық білім мен идеалдарды зияткерлік тұрғыдан қолдану іскерлігі мен дағдыларына ие шығармашылық оқырманды қалыптастыру бойынша жұмыс болып табылады.

Шығармашылық оқу қабілеті - жеке тұлғаның жалпы қалыптасу және дамуының маңызды алғышарты және әр алуан жанрдағы жоғары өнерге қызығушылықты белсенділендіретін рухани байлықтың негізі болып табылады.

Сөз ©нері туындысының эстетикалық табиғаты оларды оқудың жеке дербес шығармашылық үдерісі ретінде анықталады. Біріншіден, оқу - бұл жазушы мен оқырманның сенімді диалогы. Екіншіден, асықпай шығармашылықпен оқу - оқырманның жазушымен белсенді рухани ынтымақтастық шығармашылығы. Оқырман өмірмен таныса, тани және біле отырып, туынды авторы өткен жолды

қайталағандай болады. Бұл рухани қызмет кітаптың соңғы беті жабылған кезде де жалғаса береді. Себебі әр түрлі ойлар, сезімдер, ой-пікірлер туындайды, бейнелер «әрекет етуді» жалғастырады, салыстырулар, ұқсатулар пайда болады, бұрын қалыптасқан белгілерге, көзқарастарға, бағалауға әсер етеді.

Балалық шағында интенсивті түрде дамыған тұлға өз адамдық мүмкіндіктерін көрсетуді қажет етеді. Көркем туындыны эстетикалық қабылдау және бағалау, соның негізінде өмірді эмоционалдық тұрғыдақ белсенді меңгеру соған сәйкес адамдық мүмкіндіктерді көрсетуге жол ашады. Адамның рухани табиғаты шығармашылық оқу арқылы керініс табады және толықтырылады. Яғни адам оқи отырып өз-өзін «сезінеді». Бірақ бұл жағдай оқу қажеттілік болып есептелгенде ғана, ол ішкі қажеттілік болып табылғанда ғана, тұлға үшін маңызды болып саналғанда ғана жүзеге асырылады. Оқуға деген қажеттілік тұлға қажет ететін рухани қызмет ретінде және шығармашылық оқуға қажеттілік өлшемі ретінде және оқуды тиімді басқару, оқырман-оқушыны тәрбиелеу елшемі ретінде көрініс табады.

Әдебиет туындыларының эстетикалық мәні мен құндылықтарын түсіне отырып, шығармашылық оқырманды, оның көркем талғамын тәрбиелеу оқушы-оқырмандардың халықтың рухани мәдениеті байлықтарына қызығушылығын арттыруға және осылайша оқушы-оқырманның адами толыққан тұлғалық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етуге көмектеседі.

Эстетикалық қабылдау компоненттерінің қатарында келесілерді бөліп көрсетуге болады: оқырманның эмоционалдық ықыластылығы, қайырымдылығы және әрекет қабілеттілігі; туынды қаһармандарына қызығушылық қатынас; оның өзіндік тілін жақсы түсіне отырып, рахаттану қабілеті (мысалы, Қайрат деген оқушы былай деп жазады: «Сәкеннің олеңдері бір керемет ғажайып элемге апарды. Әр сөздің тереңдігі, көркемдігі эстетикалық ләззат сезімге бөлейді десем артық болмас»). Қаһарманның қандай да бір әрекетін өзіне, өзінің шынайы өмірлік тәжірибесіне қабылдау, ауыстыру уәжін алып жүру қабілеті, соған қатысты психологиялық алғышарттар - оқырманның эмоционалдық қайырымдылығының маңызды белгісі. Эстетикалық қабылдаудың аса маңызды және жалпылама белгісі әрі өлшемі - мәтінді, туынды пафосын, авторлық ұстанымды, жазушының, ақынның адамдық, эстетикалық идеалын сезіну және түсіну. Мұның барлығы оқу сипаттамасын ақыл мен жүрек еңбегі және шығармашылығы ретінде, тұлғаның барлық рухани күштерін, оның өмірлік тәжірибесін алдын ала анықтайды.

Оқырман жазушының бағытына бағдар жасай отырып, оның жолымен ақиқат шындықты тану және бағалау әрекеттерін орындайтын сияқты болады. Соның негізінде мұғалім адамдық, элеуметтік шындықты жаңаша түсіне бастайды. Өзін-өзі шығармашылыққа қосу, шындықты эмоционалдық меңгеруге ортақтастыру, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану жүзеге асырылады. Бұл - еш нәрсемен салыстыруға келмейтін онердің нәтижесі. Ол

адамның санасын және сезімін бір уақытта элеуметтендіреді, оларды сапалы түрде өзгертеді. Осылайша, әдебиет туындыларының адамның шынайы және мүмкін, әлеуметтік тәртібіне, оның тұлғалық қалыптасуына ықпалы іске асырылады.

Мұғалім білімқұмарлықпен, мақсатты бағытталған қызығушылықпен уәжделген оқудың педагогикалық маңызы зор екенін есінде сақтауға тиісті, *«себебі мұндай жұмыс бала үшін өте жағымды, ұнамды, тілекті іске айналады, ол . оның жанын байытады. Оқумен айналысатын оқушы іш пысу дегенді білмейді, бұл жан апатиясынан туады, ол білім құмарлықтың дамымауынан, «Неге?», «Не үшін?», «Қашан?» сияқты шексіз сұрақтарға жауап іздеу қажеттілігінің тумауынан пайда болады.*

Оқу үдерісі тұлға үшін ойлауды, адамдықты, сезімді қалыптастыратын, оқушының ішкі «менінің» байлығын көрсететін маңызды іске айналуы керек. Сонда ғана өмірге тұтас қызығушылық пайда болады. Жансыздық, зерігу, әрекетсіздік сияқты құбылыстармен мүлдем сәйкес келмейтін шығарма-шылыққа, қызметке қызығушылық туындайды. Мұғалім қарым-қатынас жасаудың кез келген жағдаятында оқушылардың өзін қалай тындайтын-дықтарына ғана емес, сонымен қатар өзінің де оларды қалай тындайтындықтарына назар аударуы керек. Тындау және оқушыны тындай білу іскерлігі, әңгімелесуші адамды қабылдау және оның бағытын түсіне білу бағалы.

Оқушы-оқырманның әдеби туындыны қабылдауы - оқушының өмірлік, эстетикалық, оқырман-дық және эмоционалдық тәжірибесімен бірге жүзеге асырылатын күрделі шығармашылық үдеріс.

Орыс тілді мектептерде қазақ әдебиеті туындыларын қазақ тілінде оқытудың психологиялық негізі басқа тілдік ортада көркем мәтінді қабылдау ерекшелігі болып табылады. Оқырман ең алғашқы және ең басты кедергі - тілдік бөгеттен өтуі керек. Көркем мәтінді қазақ тілінде терең қабылдау оқырманнан тілді (фонетикалық, лексикалық, стилистикалық, лингво-мәдени аспектіде) білуді талап етеді.

Қабылдау сонымен қатар оқушының мүмкіндіктерін және әдебиетті оқыту үдерісін ұйымдастыруда қандай да бір нәтижелілікті анықтау кезіндегі өзіндік компас ретінде де көрінеді.

Оқушылардың оқылған туындыны қабылдауын зерттеудің бірнеше негізгі тәсілдері бар:

- оқушылардың қазақ тілінде оқыған туындысы туралы алғашқы сезімдерін алдын ала анықтау. Осылайша оқушыларға туындыны сабақта оқығанға дейін сауалнама ұсынылады.

- алғашқы сезім-күйді талдау барысында және қорытынды сабақтарда қалыптастырылатын толғаныс сезімдерімен салыстыру.

Мұндай жағдайда сауалнамалар, ауызша сауалдар, эссе қолданылады. Бұлар оқу тапсырмасы ретінде білім алушылармен әңгімелесу барысында орындалуы мүмкін.

- Алдын ала берілетін үй тапсырмалары.

- оқу жылы бойында бірнеше жыл қатарынан білім алушылардың әдеби даму деңгейін жүйелі бақылау.

Қазақ тіліндегі көркем мәтіндермен сәтті жұмыс істеген, дайындығы анағұрлым жоғары сыныптарда алдын ала, яғни туындыны сабақта оқытуға дейін мынадай сауалнама жүргізуге болады. Бұл білім алушылардың туындыны өз бетінше оқуына мүмкін-дік береді, оқушы-оқырмандардың туындыға өз қатынасын білдірулеріне көмектеседі және туындыдағы қаһармандардың тәртібін субъективтік тұрғыдан бағалауға жол ашады.

Туындыны сабақта оқытудың алдында сауалнама жүргізу:

1. Осы көркем шығарма саған қалай әсер етті?
2. Жазушы шығармада қандай мәселе көтереді?
3. Сенің ойыңша, сабақта шығармадағы осы мәселелерді анықтау керек пе?
4. Қандай жаңа ой туды, жолдастарыңмен бөліскің келе ме?
5. Өзің қандай мәселе бойынша (мәтіннен үзінді оқып, талдап) сабақта сөз сөйлегің келеді?
6. Оқу кезінде саған не түсінікті болған жоқ?
7. Автордың қандай ойымен келіспейсің? Дәлелдеп айт.
8. Кейіпкелердің қандай іс-әрекеттері сенің көңіліңнен шықты?

Көркем мәтінмен осылай алдын ала жұмыс жасау білім алушыларға оқылған туынды туралы өздерінің алғашқы сезімдерімен бөлісуге, олардың нені түсінгендері туралы сөйлесуге, қандай сұрақтар туындағандығы және т.б. жайында әңгімелесуге мүмкіндік береді.

Орыс тілді мектептерде қазақ авторларының туындыларына қызығушылықты қалыптастыру үдерісі дидактикалық және әдістемелік принциптерге негізделеді: гумандылық, төзімділік, ғылымилылық, реттілік, тарихилық, жүйелілік, өмірмен байланыс, психологиялық және жас ерекшелік мүмкіндіктерімен сәйкестік, тұлғалық бағдарлы оқыту, этно және лингвомәдени аспектілерді есепке алу.

Әдебиетті оқытудың маңызды принциптерінің бірі - жалпыадамдық басым құндылықтарды және адамның денсаулығын қамтамасыз ететін гумандылық принципі.

Әлеуметтанушылық сөздікте төзімділік ұғымына мынадай анықтама берілген: «Бұл - қандай да бір нәрсеге, соның ішінде бөгде пікірлерге төзу». Бұл принципті діни және этикалық көзқарастарды, эстетикалық талғамдарды тұлғалық таңдау еркіндігіне құрметпен қарауда тұлғааралық қатынастарды дамытуға көмектесетін көрсеткіш ретінде де ескеру қажет.

Ғылымилылық принципі мектепте меңгеруге ұсынылатын білімді соңғы ғылыми, элеуметтік және мәдени даму жетістіктерімен байланыста қарастырылады.

Реттілік принципі қазақ әдебиетінің мазмұнында оның жүйелілігін дамытуды, яғни әрбір жаңа білім оның алдыңғысымен байланысты болып және содан туындатып отыруды жоспарлайды.

Тарихилық принципі қазақ әдебиеті сабағында тарихтың, теория мен сынның дамуын, белгілі авторлардың және әдебиетті зерттеушілердің *қызыметін көтерілетік мәселелермен* байланыстырып оқытуды пайымдайды.

Жүйелілік оқытылатын білімді және қалыптастырылатын іскерлікті бір жүйемен жүзеге асыруды қарастырады, мектепте оқыту мазмұнын бір-біріне және адамдық мәдениеттің жалпы жүйесіне енетін жүйе ретінде тұжырымдайды.

Өмірмен байланыстыру принципі - оқытылған білімнің және қалыптастырылған іскерліктің әрекеттілігін тексеру тәсілі және мектепте алынған білімді шынайы практикада бекітудің әмбебап құралы.

Білім алушылар меңгерген материал тым оңай болса, онда білім де, танымдық күштер де ақырын дамиды, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес болмайды. Сондықтан психологиялық және жас ерекшелік мүмкіндіктерге сәйкестендіру принципіне, сонымен қатар білім алушыларға білім алуда, іскерлікті дамытуда ұсынылатын жүйе бойынша оқыту формалары мен әдістерін көрсететін дайындық деңгейлеріне ерекше көңіл бөлген дұрыс.

Орыс тілді мектептерде қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде тұлғалық-бағдарлы оқыту принципі де аса маңызды. Оқушының тұлғасын қалыптастыру көптеген факторлардың ықпалымен жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең маңыздысы қазақ әдебиеті сабағы болып табылады. Мұнда қазақ авторы шығарған көркем мәтін арқылы қазақтар әлемі ашылады, оның рефлексиясы арқылы өмірдегі оқиғалар, іс-әрекеттер, жағдайларды зерделеу жүзеге асырылады.

Орыс тілді мектептерде қазақ әдебиетін оқытуда қазақтардың рухани мәдениетінің байлықтарын зерделеуде этномәдени және лингвомәдени аспектілерді ескеру қажет. Бұл қазақ авторларының туындыларын қазақ және элементтік мәдениеттің бір бөлігі ретінде қабылдауға көмектеседі, сонымен қатар оқушылардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Орыс тілді мектеп оқушылары қазақ әдебиеті сабақтарында теориялық-әдеби талдау тәжірибесіне ие болады, көркем мәтін құрылымының элементтерін және тілдің бейнелеу құралдарын бөліп көрсетуге үйренеді, туынды қаһарманын көркем бейне ретінде қабылдап, «лирикалық қаһарман» және «автор» ұғымдарын ажыратуға үйренеді. Көркем мәтінді талдаудың осы «тәжірибеден өткен» әдісін қазақ әдебиеті сабақтарында қолдануға болады.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Савельева В.В. От художественного текста к художественному миру. Теория. Методика. Практика. - Алматы, 2000.
2. Бабаханова М.П. Формирование читательских интересов у подростков: дисс. канд. псих. наук. - Ташкент, 1987-150с.

Рецензент: к.филол.н., доцент Жумашева Т.К.